

Қазақстан Республикасы оңтүстік облыстарының тұтынушыларын газбен жабдықтауды жақсарту шаралары жөніндегі Келісімді жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 ақпандағы N 0187

Қазақстан Республикасы оңтүстігінің тұтынушыларын табиғи газбен қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің атынан 1995 жылғы 22 желтоқсанда Ташкент қаласында қол қойылған Келісімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі газ өндіру және өңдеу жөніндегі ішкі резервтерді барынша пайдалану тұжырымдамасы шегінде республиканың газбен қамтамасыз етілуі мен газ жүйесінің дамуының тұрақтандыру жоспарын әзірлеп, 1996 жылдың 1 сәуіріне Үкіметтің қарауына ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының тапсырысы бойынша және газ құбырлары трубаларын Газли поселкесі ауданында қосушы газ құбырларын салу үшін Өзбекстан Республикасының белгіленген станциясына дейін тасымалдауға бірінші кезекте теміржол вагондарын бөлуді қамтамасыз етсін. "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы көлік шығыстарын төлеуді жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Қазақстан кәсіпорындарының өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының кеден аумағы шегінен әкелінетін газ құбыры трубаларын, жабдықтар мен материалдарды жөнелтуді ресімдеуді "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_

Жарлығының 149-бабының 2-тармағында көзделгеніндей кеден төлемдерін алмай жүргізсін.

4. "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы жоғарыда аталған Келісімге сәйкес қосылатын газ құбырының құрылысын және оны кейін Қазақстан тарабының меншік құқығы негізінде пайдалануға беруді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК